

Абай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 17 маусымдағы 23 кезекті сессиясының N 23/278 "Абай ауданы бойынша тұрғын үй көмегін беру Ережесін бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 34 сессиясының 2011 жылғы 28 наурыздағы N 34/410 шешімі. Қарағанды облысы Абай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 19 сәуірде N 8-9-105 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы мәслихатының 40 сессиясының 2011 жылғы 28 қарашадағы N 40/488 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы мәслихатының 40 сессиясының 2011.11.28 N 40/488 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" және 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулыларына сәйкес және жылу энергиясы тарифінің өсуіне байланысты Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. Абай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 17 маусымдағы 23 кезекті сессиясының "Абай ауданы бойынша тұрғын үй көмегін беру Ережесін бекіту туралы" N 23/278 шешіміне (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіміне – 2010 жылғы 26 шілдеде N 8-9-84 болып тіркелген, "Абай–Ақиқат" аудандық газетінің 2010 жылғы 6 тамыздағы N 34 (3830) санында жарияланған), Абай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы 31 кезекті сессияның "Абай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 17 маусымдағы 23 кезекті сессиясының N 23/278 "Абай ауданы бойынша тұрғын үй көмегін беру Ережесін бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" N 31/385 шешімімен толықтырулар енгізілген (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіміне – 2010 жылғы 29 желтоқсанда N 8-9-94 болып тіркелген, "Абай–Ақиқат" аудандық газетінің 2011 жылғы 7 қаңтардағы N 1 (3852) санында жарияланған), келесі толықтырулар енгізілсін:

1) Ережелердің 4 тармағы келесі мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Абай қаласында тұрақты тұратын және орталық жылу жүйесі бар отбасыларға (азаматтарға) шекті-мүмкін болатын шығындар үлесі жиынтық табысқа 8 % мөлшермен белгіленеді."

2. Осы шешім оларды алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбе күн өткен соң күшіне енеді.

Сессия төрағасы,
Абай аудандық
мәслихатының хатшысы Б. Цай
"КЕЛІСІЛДІ"

"Абай ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Б. Муталыпова
28.03.2011 ж.

"Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы З. Шакентаев
28.03.2011 ж.